Қазақстан Республикасы
ҰЛТТЫҚ
МУЗЕЙІ

МӘДЕНИ МҰРА

ғылыми журнал

КУЛЬТУРНОЕ НАСЛЕДИЕ

научный журнал

CULTURAL HERITAGE

science journal

ISSN: 3006-1377 (online)

№1 (112)

Астана
2026

РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚА:

ӘБДІҒАЛИҰЛЫ Берік – саяси ғылымдар кандидаты, алқа төрағасы (Қазақстан)

ИБРАЕВА Ақмарал Ғосманқызы – алқа төрағасының орынбасары,Қазақстан ұлттық жаратылыстану ғылымдары академиясының академигі, тарих ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан)

ТАЙМАҒАМБЕТОВ Жәкен Қожахметұлы – ҚР ҰҒА академигі, тарих ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан)

САМАШЕВ Зайнолла Самашұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан)

АЯҒАН Бүркітбай Гелманұлы – ҚР ҰҒА құрметті академигі, тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР Еңбек сіңірген қайраткері (Қазақстан)

ОҢҒАРҰЛЫ Ақан – тарих ғылымдарының кандидаты (Қазақстан)

ҮМІТҚАЛИЕВ Ұлан Үмітқалиұлы – тарих ғылымдарының кандидаты, профессор (Қазақстан)

ИСМАИЛОВА Жанат Хамидовна – тарих ғылымдарының докторы, профессор (Өзбекстан)

ЦЗИ Сяофен – PhD докторы (Қытай)

ВОЛЬФРАМ Сабине – PhD докторы (Германия)

ШТЕЙН Гил – PhD докторы (АҚШ)

ОУТРАМ Алан – PhD докторы (Ұлыбритания)

ШОМФАЙ Иштван – PhD докторы (Венгрия)

ӘБДУАҚАП Қара – PhD докторы (Түркия)

ДАВЫДОВ Владимир Николаевич – әлеуметтану ғылымдарының кандидаты, PhD докторы (Ресей Федерациясы)

АҒАТАЙ Өткірбай Мылтықбайұлы – PhD докторы (Қазақстан)

ДУВАНБЕКОВ Руслан Сабырұлы – PhD докторы (Қазақстан)

ИСКАКОВ Қуаныш Алдабергенұлы – PhD докторы (Қазақстан)

EDITORIAL BOARD:

Berik Abdygaliuly	– candidate of Political Science (Chairman of the editorial board) (Kazakhstan)
Akmaral Ibrayeva	– deputy chairman of the editorial board, Academician of the National Academy of Natural Sciences of Kazakhstan, Doctor of historical sciences, Professor (Kazakhstan)
Zhaken Taimagambetov	– academician of NAS RK, Doctor of Historical Sciences, Professor (Kazakhstan)
Zainolla Samashev	– doctor of Historical Sciences, (Kazakhstan)
Ayagan Burkitbay	– Honorary Academician of the NAS RK, doctor of Historical Sciences, Professor, Honored Worker of RK (Kazakhstan)
Ongaruly Akan	– candidate of Historical Sciences (Kazakhstan)
Umitkaliev Ulan	– candidate of Historical Sciences, Professor (Kazakhstan)
Ismailova Zhanat	– doctor of Historical Sciences, Professor (Uzbekistan)
Ji Xiaofen	– PhD (China)
Wolfram Sabine	– PhD (Germany)
Gil Stein	– PhD (USA)
Alan Outram	– PhD (UK)
Somfai Istvan	– PhD (Hungary)
Abdulvahap Kara	– PhD (Turkey)
Davydov Vladimir	– candidate of Sociological Sciences, PhD (Russian Federation)
Agatay Otkirbay	– PhD (Kazakhstan)
Duvanbekov Ruslan	– PhD (Kazakhstan)
Iskakov Kuanysh	– PhD (Kazakhstan)

РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ:

ӘБДІҒАЛИҰЛЫ Берік – кандидат политических наук (председатель коллегии) (Казахстан)

ИБРАЕВА Акмарал Госмановна – заместитель председателя коллегии, Академик Казахстанской национальной академии естественных наук, доктор исторических наук, профессор (Казахстан)

ТАЙМАГАМБЕТОВ Жакен Кожахметович – академик НАН РК, доктор исторических наук, профессор (Казахстан)

САМАШЕВ Зайнолла Самашевич – доктор исторических наук, профессор (Казахстан)

АЯГАН Буркитбай Гелманулы – Почетный академик НАН РК, доктор исторических наук, профессор, Заслуженный деятель РК (Казахстан)

ОНГАРУЛЫ Акан – кандидат исторических наук (Казахстан)

УМИТКАЛИЕВ Улан Умиткалиевич – кандидат исторических наук, профессор (Казахстан)

ИСМАИЛОВА Жанат Хамидовна – доктор исторических наук, профессор (Узбекистан)

ЦЗИ Сяофен – PhD доктор (Китай)

ВОЛЬФРАМ Сабине – PhD доктор (Германия)

ШТЕЙН Гил – PhD доктор (США)

ОУТРАМ Алан – PhD доктор (Великобритания)

ШОМФАЙ Иштван – PhD доктор (Венгрия)

КАРА Абдуакап – PhD доктор (Турция)

ДАВЫДОВ Владимир Николаевич – кандидат социологических наук, PhD доктор (Российская Федерация)

АГАТАЙ Уткирбай Мылтыкбайулы – PhD доктор (Казахстан)

ДУВАНБЕКОВ Руслан Сабырулы – PhD доктор (Казахстан)

ИСКАКОВ Куаныш Алдабергенович – PhD доктор (Казахстан)

МАЗМҰНЫ / CONTENT / СОДЕРЖАНИЕ

Археология / Archaeology / Археология

Молдахмет А.А., Елеуов М., Талеев Д., Есен С. Қазақ хандығы дәуіріндегі Созақ: археологиялық зерттелу тарихынан
Молдахмет А., Елеуов М., Талеев *Д., Есен С.* Созак в период Казахского ханства: из истории археологических исследований
Moldakhmet A., Eleuov M., Taleev D., Esen S. Sozak in the Kazakh khanate period: from the history of archaeological research..... 8

Аккошкарова Ж.Т., Рахимжанова С.Ж., Тушева Е.К. Орталық Қазақстандағы Қу 1-4, 6-7 тас дәуірі тұрақтарының материалдарын зерттеу
Аккошкарова Ж.Т., Рахимжанова С.Ж., Тушева Е.К. Изучение материалов стоянок каменного века Куу 1-4, 6-7 в Центральном Казахстане
Akkoshkarova Zh.T., Rakhimzhanova S.Zh., Tusheva E.K. Study of materials from the stone age sites of Kuu 1-4, 6-7 in Central Kazakhstan..... 22

Абильмаликов К.К., Байдалы Р.Ж., Шакшаков К.Г. Археологические исследования на стоянке Талдысай-II в 2025 году
Әбілмәліков Қ.Қ., Байдалы Р.Ж., Шакшаков Қ.Г. 2025 жылғы Талдысай-II тұрағындағы археологиялық зерттеулер
Abilmalikov K.K., Baidaly R.Zh., Shakshakov K.G. Archaeological research at Taldysay-II site in 2025..... 34

Қожа М.Б., Сиздиков Б.С., Әлімбекұлы Ә. Особенности мечети Отрара конца XIV – начала XV в.
Қожа М.Б., Сиздиков Б.С., Әлімбекұлы Ә. XIV ғасырдың аяғы – XV ғасырдың басындағы Отырар мешітінің ерекшеліктері
Khozha M.B., Sizdikov B.S., Alimbekuly A. Features of the Otrar mosque of the late 14th – early 15th cc..... 45

Усачук А.Н., Шишлина Н.И., Степанов И.А., Леонова Н.В. Булавка из Краматорского могильника (Подонцовье). Результаты трасологического анализа
Усачук А.Н., Шишлина Н.И., Степанов И.А., Леонова Н.В. Краматорск қорымынан табылған түйреуіш (Донец маңы). Трасологиялық талдау нәтижелері
Usachuk A.N., Shishlina N.I., Stepanov I. A., Leonova N.V. A hammer-headed pin from the Kramatorsk burial ground (Podontsovye). The results of the trace-wear analysis..... 58

Karazhigitova A.Ye., Janeyeva A.K. History of studies and main results of research on medieval burial sites in Northeast Saryarka
Қаражігітова Ә.Е., Джанеева А.Қ. Солтүстік-Шығыс Сарыарқадағы ортағасырлық жерлеу ескерткіштерін зерттеу тарихы мен негізгі нәтижелері
Каражигитова А.Е., Джанеева А.К. История изучения и основные результаты исследований погребальных памятников средневековья Северо-Восточной Сарыарки..... 69

Sultanova A.K. Stone sculptures in the Museum collection: issues of museification and exhibition
Султанова А.К. Музей коллекциясындағы тас мүсіндер: музейлендіру және экспозициялау мәселелері
Султанова А.К. Каменные изваяния в музейной коллекции: вопросы музеефикации и экспонирования..... 82

Брынза Т.В. В.Ф. Зайберт и его роль в изучении истории и археологии Северного Казахстана (по материалам газеты «Акмолинская правда»)
Брынза Т.В. В. Ф. Зайберт және оның Солтүстік Қазақстан тарихы мен археологиясын зерттеудегі рөлі («Акмолинская правда» газеті материалдары бойынша)
Brynza T.V. V.F. Zaibert and his role in the study of the history and archaeology of Northern Kazakhstan (based on materials from the newspaper "Akmolinskaya Pravda")..... 92

Этнология / Ethnology / Этнология

Балтабай Д.Ә. Әбілғазы Баһадүр хан шежіресінде кездесетін бірқатар этнонимдердің шығу тегі
Балтабай Д.А. Происхождение ряда этнонимов в шежире Абулгази Бахадур хана
Baltabay D.A. The origin of selected ethnonyms in the genealogy of Abulgazi Bahadur Khan..... 101

Тастанбеков М.М., Байболов Б.Қ., Жүнісбаев Ұ.Д., Тұрсынов А.Х. Қожа Ахмет Ясауи қабірінің жапқышы туралы зерттеулер
Тастанбеков М.М., Байболов Б.К., Жунисбаев У.Д., Турсынов А.Х. Исследования покрывала гробницы Ходжи Ахмеда Ясави
Tastanbekov M.M., Baibolov B.K., Zhunisbayev U.D., Tursinov A.H. Research on the Pall of the Tomb of Khoja Ahmed Yasawi..... 113

Байгаж А., Нурбаева А.М., Рустемова А. Е. Традиционные игры с астрагалами тюрко-монгольского ареала: язык, норма и культурная память
Байгаж А., Нурбаева А.М., Рустемова А. Е. Түркі-моңғол ареалындағы асыққа байланысты дәстүрлі ойындар: тіл, норма және мәдени жады
Baigazh A., Nurbayeva A.M., Rustemova A. Ye. Traditional games with astragal in the turkic-mongolian region: language, norms and cultural memory..... 125

Тарих / History / История

Бисенова Г.А., Өтепова Г.Е., Болдыков Ж.Б. Гималай асқан көш тарихы: Үндістан ұлттық архив құжаттары негізінде
Бисенова Г.А., Отепова Г.Е., Болдыков Ж.Б. История миграции казахов через Гималаи: на основе документов Национального архива Индии
Bissenova G.A., Otepova G.E., Boldykov Zh.B. Migration history of Kazakhs through the Himalayas: based on documents from the National Archives of India..... 140

Мырзаханов Ә.Е., Мұсағалиева А.С. Шәкәрім Құдайбердіұлының ақталуы: жаңа деректерді талдау
Мырзаханов А.Е., Мусагалиева А.С. Реабилитация Шакарима Кудайбердиева: анализ новых данных
Myrzakhanov A.E., Musagalieva A.S. Shakarim Kudaiberdiyev's rehabilitation: analysis of new data..... 155

Атдаев С.Дж., Атдаева О.Г. Стражи туркменского общества XIX в. (до 1881 г.): ясавулы, ферраджи и караульные дозорные
Атдаев С.Дж., Атдаева О.Г. XIX ғ. (1881 жылға дейін) түрікмен қоғамының сақшылары: жасауылдар, ферраджлар және қарауыл күзетшілері
Atdaev S.J., Atdaeva O.G. Guards of the Turkmen society of the 19th century (before 1881): yasavuls, ferrajs, and sentry guards..... 168

Абсаликов А.А. Генеалогия казахских ханов в «Ахсан ат -Таварих» Хасанбека Румлу (сравнительный анализ пяти рукописных списков и одного печатного издания)
Абсаликов А.А. Хасанбек Румлудың «Ахсан ат-Тауарих» еңбегіндегі қазақ хандарының генеалогиясы (бес қолжазба көшірмесі мен бір баспа басылымының салыстырмалы талдауы)
Absalikov A.A. The genealogy of Kazakh khans in Hasanbeg Rumlu's "Ahsan at-Tawarikh" (a comparative analysis of five manuscript copies and one printed edition)..... 180

Matytova S.N. The historical evolution of philanthropy in Kazakh society in the 19th – early 20th centuries
Мамытова С.Н. XIX–XX ғасырдың басындағы қазақ қоғамындағы меценаттықтың тарихи эволюциясы
Мамытова С.Н. Историческая эволюция меценатства в казахском обществе XIX – начала XX вв..... 191

Akshanova A.M., Otepova G.E., Shabambayeva A.G. Historiographical discourse on the study of the korenizatsiia (indigenization) policy
Ақшанова А.М., Өтепова Г.Е., Шабамбаева А.Г. Қазақстандағы жергіліктендіру саясатының тарихнамалық дискурсы
Акшанова А.М., Отепова Г.Е., Шабамбаева А.Г. Историографический дискурс политики коренизации в Казахстане..... 199

Музей ісі / Museology / Музейное дело

Ибраева А.Г., Пазылова Г.А. Ұлттық тарихи-мәдени мұраны жаһандық дискурста ұсыну: халықаралық және әлемдік көрмелер тәжірибесі
Ибраева А.Г., Пазылова Г.А. Представление национального историко-культурного наследия в глобальном дискурсе: опыт международных и всемирных выставок
Ibrayeva A.G., Pazylova G.A. Presenting national historical and cultural heritage in global discourse: the experience of international and world expositions..... 212

Orazkulova K., Karibayeva G. Museums, painting, and ideology in Soviet Kazakhstan
Оразкулова К. С., Карибаева Г.А. Кеңестік Қазақстандағы музейлер, кескіндеме және идеология
Оразкулова К.С., Карибаева Г.А. Музеи, живопись и идеология в советском Казахстане..... 233

ҒТАМР: 13.51.09 https://doi.org/10.47500/2026.v25.i1.10

***Тастанбеков М.М., Байболов Б.Қ., Жүнісбаев Ұ.Д., Тұрсынов А.Х.**
«Әзірет Сұлтан» Ұлттық тарихи-мәдени музей-қорығы,
Түркістан, Қазақстан
*e-mail: murat-t@mail.ru

ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ ҚАБІРІНІҢ ЖАПҚЫШЫ ТУРАЛЫ ЗЕРТТЕУЛЕР

Аңдатпа. Мақалада «Әзірет Сұлтан» ұлттық тарихи-мәдени музей-қорығының қорында сақталған ортағасырлық қабіржапқыш туралы тың зерттеулер қарастырылған. Көп ғасыр бойы Қожа Ахмет Ясауи кесенесінде Ясауи бабамыздың басына қойылған құлпытаста жабулы тұрған қабіржапқыш туралы зерттеулер ғылыми айналымда көптеп кездеспейді. Зерттеуімізде «Әзірет Сұлтан» музей-қорығының құнды жәдігері қабіржапқыштың жасалу технологиясы және оның бетіндегі сақталған жазулардың аудармасы мен олардың мағынасы баяндалып, ғылыми анықтама беріледі.

Зерттеу барысында қабіржапқыш материалына мата фрагменттері мен тоқыма жіптеріне жүргізілген зертханалық зерттеулердің қорытындысы негізінде талдау жасалады. Сонымен бірге, шетелдік және отандық реставраторлар мен текстолог мамандардың тың зерттеулері пайдаланылды.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы қабіржапқыштың нақты жасалған уақыты туралы тұжырымдарды салыстыра отырып, оның бүгінгі күнге дейін сақталып, XX ғасырдағы жағдайы туралы тың деректер ұсынылуында. Өзіне көп сыр жасырған құнды тарихи жәдігердің реставрация-консервация жұмыстары бойынша ұсыныстар келтіріледі. Ортағасырлық жәдігердегі каллиграфикалық жазулар мен өрнекті орнаменттерді қабіржапқыш бетіне түсіру технологиясының қыры мен сырын ашуға қатысты ғылыми талдау жасалды.

Зерттеу барысында қабіржапқыштағы деректерді талдау, тұжырымды фактілерді салыстыру, болжам жасау әдістері қолданылды. Алдағы уақытта бұл бағыттағы жұмыстар көп зерттеулерді талап етеді.

Кілт сөздер: Қожа Ахмет Ясауи, Әзірет Сұлтан, кесене, қабіржапқыш, қабірпұш, жапқыш, қабірхана, реставрация, консервация.

Дәйексөз үшін: Тастанбеков М.М., Байболов Б.Қ., Жүнісбаев Ұ.Д., Тұрсынов А.Х. Қожа Ахмет Ясауи қабірінің жапқышы туралы зерттеулер // Мәдени мұра. 2026. №1 (112). бб. 113-124 (қаз.)
DOI: https://doi.org/10.47500/2026.v25.i1.10

Кіріспе

«Әзірет Сұлтан» ұлттық тарихи-мәдени музей-қорығы қорында ортағасырларға тән металдан, тастан, ағаштан, матадан жасалған құнды жәдігерлер сақталған. Оның ішінде тайқазан, шырағдандар, тудың ұшы, лауха, Қожа Ахмет Ясауи кесенесі және оның айналасында жерленген тұлғалардың басына қойылған құлпытастар, кесене есіктерін атап өтуге болады. Білікті мамандар бұл жәдігерді жасалу технологиясына орай ортағасырлық қолданбалы өнердің озық туындысы ретінде қарастырады.

1913 жылы кесенеде болған Алаш арысы Міржақып Дулатов: «Үлкен дарбазадан бір зор бөлмеге кіресің, бұл бөлменің ортасында мыс (бронза) қазан бар. Қазанның алыбы бес қанат үйдің шаңырағындай, айналасында арабша сөздер жазылған һәм «Әмір Темірдің жарлығы бойынша бұл қазанды құйған шебер Абдулгазиз Шарафуддинұлы Термезден» деген жазуы бар. Бұл үлкен бөлменің төріндегі есік хазіреттің өзі жатқан (қабірі) бөлмеге кіргізеді» (Дулатов, 2019: 6) деп жазады. «Бөлек-бөлек сүйек оюдан құрап, жыпырлата нақыштаған, нақышына ми жетпестей ғажап есіктің құлпын ашқанда, алдында биігірек

жерде, есікке мінбелеп, қызылды-жасылды шүберек жапқан. Кісі бойындай жота қабір тұр. Бұл – Әзіреттің раузасы (көрі)» (Аймауытов, 1929: 72), – деп жазады Жүсіпбек Аймауытов. Мақаламыз музей қорындағы аса құнды, бағалы жәдігерлердің бірі – матадан жасалған Ясауи бабамыздың құлпытасының қабіржапқышы туралы зерттеулерге арналады.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2024 жылы 15 наурызда Атырауда өткен Ұлттық құрылтайдың үшінші отырысында сөйлеген сөзінде: «Ислам дінінің Ұлы дала төрінде таралып, тамыр жаюына орасан зор үлес қосқан, түркі әлеміндегі сопылық ілімнің негізін қалаған Қожа Ахмет Ясауи мұраларын терең зерделеп, дәріптеуге де айрықша назар аударған жөн. Бұл мәселе бойынша ең әуелі өз еліміздің және шетелдің ғалымдарын шақырып, арнайы симпозиум өткізу қажет. Осы орайда, Ясауи кесенесіне қатысты көне жәдігер туралы айта кеткім келеді. Ислам елдерінде әйгілі дін қайраткерлерінің бейіті міндетті түрде жапқышпен жабылады. Мәдинадағы Мұхаммед Пайғамбардың қабірі де осылай бүркелген. Бұл – Ислам өркениетінің дәстүрі. Ал қасиетті Түркістандағы Ясауи қабірінде көптен бері арнайы жапқыш жоқ. Талай заманнан келе жатқан көне жапқышты қалпына келтіру жұмысы біраз жыл бұрын басталып, аяқсыз қалған. Мен құзырлы мемлекеттік органға осы құнды мұраны тезірек сапалы жөндеуден өткізіп, тарихи орнына қайтаруды тапсырамын», – деген болатын (Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты, 2024).

Алдын ала мәліметтер бойынша жапқыштың негізгі өңі жасыл түсті барқыт немесе беті аздап түктелген, қолдан тоқылған түйе жүн мата, ал аппликациясы жібектен жасалған. Яғни бетіне өте жұқа да сапалы иленген тері мен жібек матадан жапсырма өрнектер салынып, олардың жиектеріне алтын, күміс жіптермен зерленіп кестеленген өрнектер тігілген. Екі жақтауына сульс стиліндегі арабша жазу түсірілген. Үзіліп, үш бөлікке бөлініп, сақталған қабіржапқыштың құрастырғандағы жалпы көлемі 318х210 см, ал өзінің толық өлшемі нақты белгісіз. Алайда мамандар жапқыштың өлшемін құлпытастың доғал жоғары бөлігімен және жапқыштың қақ ортасындағы орталық төртбұрыштың төрт жағына бірдей қайталанып түскен өрнек композициясымен шамалауға болатынын айтады.

Қабіржапқыш деп қайтыс болған әулиенің, шайықтың, пірдің немесе белгілі тұлғаның қабірінің басына қойылатын жапқыш матаны айтады. Қабіржапқышты кейбір әдебиеттерде «қабірпұш», «қабірпуш» деп те жазады. Екі сөзден құралған «қабір» және «пош» немесе «пұш». Бұл жердегі «пушандән» сөзі парсы тілінде жабу, жапқыш (Жеменей, 2007: 52) деген мағынаны береді. Осы екі сөздің мағыналық сабақтастығы негізінде «қабіржапқыш» атауы қалыптасқан. Сондықтан, мақала Қожа Ахмет Ясауи қабірінің жапқышының тарихы, жасалу технологиясы мен ондағы жазбалар, арнайы еңбектер мен жазылған ғылыми мақалаларды зерттеуге, жасалу кезеңі мен реставрация-консервация бойынша ұсыныстарды талдауға арналып отыр.

Материалдар мен зерттеу әдістері

Қабіржапқышты Қожа Ахмет Ясауи кесенесіне, әулие Хазірет Сұлтанның құлпытасына арнап қашан, кім жасатқандығы, қай жерде дайындалғандығы, шеберлері туралы ешқандай дерек кездеспейді. Ол туралы алғашқы жазба мәліметтер ретінде XX ғасырдың 20-30 жылдарында Қожа Ахмет Ясауи және оған арнап тұрғызылған кесене жайлы жазылған мақалалар мен еңбектерді атауға болады. Алаш ардақтысы Жүсіпбек Аймауытовтың 1929 жылы «Жаңа әдебиет» журналының алғашқы санында жарық көрген «Әзірет Сұлтан (Қожа Ахмет Йассауи)» мақаласында Ясауидің өмір дерегі, кесененің архитектуралық ерекшеліктері мен онда атқарылып жатқан реставрациялық жұмыстарды баяндай келе «Бөлек-бөлек сүйек оюдан құрап, жыпырлата нақыштаған, нақышына ми жетпестей ғажап есіктің құлпын ашқанда, алдында биігірек жерде, есікке мінбелеп, қызылды-жасылды шүберек жапқан. Кісі бойындай жота қабір тұр. Бұл – Әзіреттің раузасы (көрі). «Әдепсіздік болар» деп шырақшы жолдас ішіне кіргізбеді. Алайда бір шырақшыны кіргізіп, қабірдің шүберегін ашқыздық. Көрдегі әулие «ашпа!» деп ақыра түрекелетіннен жаман, еңгезердей мосқал, қаба сақал шырақшы мәсісін ептеп басып, жақындады, астыңғы бір бұрышын ұрлап қана сынық сүйемдей көтерді. Алайда қабат-қабат кежімі қабірдің тасын анық көрсетпеді. Бізді бастаған шырақшының: «Аша түс!» деуімен тағы төрт елідей ашқанда, қабір үстінің құлпыра жалтыраған жазусыз жасыл тасы көрінді. Келіннің бетін ашқандай,

шырақшы дереу жауып жіберді» (Аймауытов, 1929: 79) – деп баяндаса, Қожа Ахмет Ясауи кесенесінде болып, ғылыми зерттеу жүргізген ғалым М.Е. Массон 1930 жылы Ташкентте жарық көрген «Мавзолей Ходжа Ахмеда Ясеви» атты еңбегінде «... қабірхананың есігі ашылғанда діндарлардың көз алдына Әзіреті Сұлтанның арнайы матамен (кабрпуш) жабылған биік қабірі тұрады» (Массон, 2000: 23) деп жазды.

Ұзақ жылдар «Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің сақтаушысы» болып жұмыс істеп, кейін музей басшысы қызметін атқарған Орынбай Дастанов: «Енді шымылдықтан әрі өтіп, осы есікті ашқанда көзге түсетін нәрсе – бөлменің ортасындағы көк түсті үлкен сандық тәрізді тас. Ол қожа Ахмет Ясауидің қабірінің үстіне қойылған тас еді. Мұны жұрт осы күнге дейін мрамор деп келген. Бірақ, мамандардың анықтауынша, ол «Ячма» деген бағалы тас екен. Ол Темірдің бұйрығы бойынша Табриздан әкелініп осында құрастырылыпты. Құлпы тастың биіктігі екі метр, ұзындығы екі жарым метр. Сыртында ешқандай жазу жоқ. Үстіне кілем, шұға, масаты тәрізді қымбат бағалы жабулар жабылып тұрған. Темірдің сыйлаған шамдарын қасына қойған» (Дастанов, 1967: 21). Бұл деректердің қай-қайсысы да кесененің қабірхана бөлмесінде Ясауи бабамызға арналып қойылған жасыл түсті тастың бар екендігі және оның үстін жауып тұрған қабіржапқышы болғандығын растайды.

Көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, тарихшы-этнограф Өзбекәлі Жәнібековтың «Тағдыр тағылымы» (Жәнібеков, 1996: 124) естеліктер кітабында Ахмет Ясауи қабірінің бұрын жоғалып кеткен деп есептеліп келген көне жамылғысының қалай табылғанын, еске алады. Қабіржапқышқа байланысты келесі бір фото деректі 1988 жылы Алматы қаласы «Өнер» баспасынан шыққан Н.Б. Нұрмұхаммедовтың «Ахмет Ясауи сәулет ғимараты» атты еңбегінен кездестіреміз. Ол кітапта тек қабіржапқыштың түлі-түсті фотосуретінің екі бөлігі көрсетіліп, «Ахмед Ясауи сағанасына жабылған қабірпұш бөліктерінің көрінісі» (Нұрмұхаммедов, 1988: 33) деп берілген. Сондай-ақ, музей-қорықта дайындалған «Қожа Ахмет Ясауи кесенесі» (Қожа Ахмет Ясауи кесенесі, 2013: 165) альбом-кітабында алғаш рет «Құлпытас жапқышындағы жазбаларды» С.Моллақанағатұлы оқып, қазақ, орыс, ағылшын тіліндегі аудармасы жарияланды.

2009 жылы алғаш рет қабіржапқыштың текстиль үлгілері зерттеу үшін алынды. Бұл жұмысты сол уақыттағы Украинаның Карамзин атындағы Харьков Ұлттық университетінің ғылыми қызметкері Татьяна Крупа атқарды (Крупа, 2009: 1). Қабіржапқышты экспозицияға шығаруға қатысты өзінің ұсыныстарын берді. 2010 жылы Өзбекстан ҒА Өнертану институтының жетекші ғылыми қызметкері, доктор Эльмира Гюль қабіржапқышты мұсылман дәстүріне сай «сарай стилі» ретінде талдап, екі бөлек матаны біріктірген қосындысы екеніне мән берді (Гюль, 2010: 1).

Осы уақыттан бастап қабіржапқышқа қатысты ғылыми мақалалар жарық көре бастады. «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығының Бас қор сақтаушысы Рахия Сүлейменқызының Қожа Ахмет Ясауи құлпытасының қабіржапқышы (Жүзбаева, 2010: 212), Қабіржапқыш (Жүзбаева, 2010: 190-197) мақалалары ғылыми-тәжірибелік конференциясы материалдарында және «Ясауи әлемі» журналында жарық көрді. Мәселеге ғылыми тұрғыдан қараған Т. Крупа қабіржапқышты зерттеуге біршама дайындықпен келді. Оның археологиялық қазбалардан табылған Алтын Орда кезеңінің киім үлгісі (Крупа, 2008: 268), Алтын Орда кезеңінің текстиль үлгілері (Крупа, 2010: 341-356) туралы зерттеулері мол тәжірибесі бар екендігін көрсетті. Қабіржапқыш мәселесінде бірнеше ғылыми мақала жариялап, Қожа Ахмет Ясауи қабіржапқышының алтын жіптерін зерттеу және оны мерзімдеу мәселесіне (Крупа, 2016: 12-16), Ясауи қабіржапқышының кейбір технологиялық мәселелері және оны қайта мерзімін анықтауға (Крупа, 2018: 32-36) арнады. Автордың «Әзірет Сұлтан» музей-қорық қорында жәдігерді зерттеген тәжірибесі мен қорытындылары белгілі дәрежеде өзіндік тұжырымдама жасауға негіз болған.

Ұсынылып отырған мақалада зерттеу нысаны ретінде алынып отырған жәдігерді ерекшеліктеріне сай талдау мен бағалаудың өзіндік тәсілдері таңдап алынды. Зерттеу барысында деректерді талдау, тұжырымды фактілерді салыстыру, болжам жасау әдістері қолданылды. Алдағы уақытта бұл бағыттағы жұмыстар терең зерттеулерді талап етеді.

Талдау

Өзбекәлі Жәнібеков естеліктер кітабының 124 бетінде қабіржапқыштың музей қорына

қайтарылғанын бір ауыз сөзбен ғана еске алады. «...Сөз орайына қарай айта кететін жайт – манағы музейдегі заттардың арасынан «Әзірет Сұлтан» қорығындағы Ахмет Иасауидің қабірінің бұрын жоғалып кеткен деп есептеліп келген көне жамылғысының табылғаны. XIV ғасырдың ескерткіші болып табылатын бұл жамылғы да музей қорына қайтарылды» (Жәнібеков, 1996: 124). Тарихымыздың жанашыры Өзбекәлі Жәнібековтың тек Тайқазан ғана емес, қабіржапқыш сияқты Ясауи кесенесіне тиесілі мұраның да қайтарылуына атсалысқанын көреміз. Бұл бөлімде қабіржапқыштың музей қорында бар мәліметтері және оның ғасырын анықтау бойынша атқарылған жұмыстары талданады.

Музей-қорықтың кіріс кітабында ол 1978 жылдың 18 тамызындағы №3 актісі бойынша қабылданып, КК 64-тіркеу нөмірін алған. Акт бойынша Қабіржапқыш Қазақ ССР Мәдениет министрлігінің 1978 жылғы сәуірдегі №106 бұйрығы негізінде Қазақстанның Орталық мемлекеттік музейі қорынан алынған. Қожа Ахмет Ясауи кесенесін музейлендіру ісі жүргізіліп жатқан кезде, сол кездегі Қазақ ССР Мәдениет министрінің орынбасары Өзбекәлі Жәнібековтің бастамасымен алынып, музей-қорық қорына қабылданған. Жәдігердің көне тіркеу нөмірі №655. Алғашқы зерттеулерде Алматы қаласында Орталық музейдің мамандары да жәдігердің музейге қашан, қандай жағдайда, кім әкеліп тапсырғандықтары туралы мәлімет бере алмаған. Соңғы зерттеулерде Орталық мемлекеттік музейі қорындағы тіркеу кітаптарын біртіндеп қарап шыққанда, қабіржапқыштың 1946 жылы 24 сәуірдегі инвентарлық №657 болып тіркеліп, 25 рубльге сатылып алынғандығы анықталған. Орталық музейдің сол кездегі бас қор сақтаушысы Балқыз апайдың айтуынша қабіржапқыш өте көне болғандықтан есептен шығарылатын жәдігерлердің қатарына қосылған (Жүзбаева, 2010: 192). Өзбекәлі Жәнібеков Қожа Ахмет Ясауи кесенесін музейлендіру үшін экспонат жинап жүріп, қабіржапқышты көрген де, құндылығын ескеріп, өткізу құжаттарын жасап, кесенеге қайтып әкелген және оны сол кездегі «Қазмузейреставрация» деп аталатын мекемеде қайта қалпына келтірген болуы ықтимал. Өкінішке орай ол мекеме қазір жоқ, таратылып кеткен, мұрағат қоры кімнің, қай мекемеде қалғаны анықталу үстінде.

Алматы қаласында Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапхана қорында сақтаулы тұрған XII ғ., және XVIII ғ. тән құран кітаптарының мұқаба бетінің ішкі жағында «1941 жылы Қожа Ахмет Ясауи кесенесінен алынған. Сабитов» деген жазуды оқуға болады. 1950-1952 жылдары құран кітаптарды ҚР Ұлттық кітапхана қорына тіркеу №336, №667 а (Қожа Ахмет Ясауи кесенесі, 2020: 131) қабылдаған. Мүмкін құран кітаптар мен зерттеуімізге негіз болған қабіржапқыш Алматы қаласына 1941 жылы бір мезетте жөнелтілген болуы мүмкін деген тұжырымға келеміз. Бұл уақыт Ясауи кесенесінің ішінде қызмет еткен «Антирелигиозный музейінің филиалы» жұмысын тоқтатқан уақытпен тұспа-тұс келеді.

Қабіржапқыштың жасалу технологиясының өзіндік ерекшеліктері, ондағы жазбаларға қатысты туындаған сұрақтардың жауаптары, құнды жәдігерді реставрациялау мүмкіндіктерін қарастыру туралы ойлар, жәдігердің көшірмесін жасау туралы ұсыныстардың әртүрлі болуы бұл тақырыпты талдай түсуді қажет етеді.

Қабіржапқышты 1980-ші жылдары Алматы қаласындағы Ғылыми-зерттеу және жобалау институтының басшысы белгілі реставратор Тұяқбаева Баян Туматайқызы Мәскеу қаласындағы зертханада қайта қалпына келтіру үшін қордан алдырады. Бірақ, белгісіз себептермен ол жоба іске аспай, қабіржапқыш қайтарылған. Қаржы мәселесі шешімін таппаған болуы мүмкін деп топшылаймыз. Сол уақыттан бері қабіржапқыш ортағасырдың заттай мәдени мұрасы ретінде музей-қорықтың қорында сақтаулы.

1996 жылы қорық аймағындағы тарихи орын «Қылует» жер асты мешіт-музейі ішіне қабіржапқыш, Қожа Ахмет Ясауидің атымен байланысты көне де құнды, тарихи мұра ретінде, оның экспозициясына шығарылды.

2009 жылы қабіржапқышты алғаш рет зерттеуге ниет білдірген Украинаның

В.Н. Карамзин атындағы Харьков ұлттық университетінің ғылыми қызметкері Т.Н. Крупа болатын. Ол музей-қорық қорында болып, жиырмадан астам матадан жасалған қолөнер бұйымдарымен (кестеленген ұлттық киімдер мен тұрмыстық заттар) танысып, оларға ғылыми сипаттама жасады. Соның ішінде қабіржапқыштың құнды да, сирек кездесетін тарихи мұра, қолөнер туындысы екендігін айтып, оның бетіндегі алтындалып, күмістелген

кестелі жіптері үгіндісінің микропробасын жасауға зертханаға алып кеткен болатын. 2010 жылдың маусым айындағы қорытынды зерттеу есебінде қабіржапқыштың матасы жасыл түсті барқыт (бұрынғы сипаттамада сукно деп жазылған), бетіндегі күмістелген өрнекті жіптері XVI-XVII ғасырларға тән екендігін атап өткен. Т.Н. Крупа өзінің зертханасында қабіржапқышқа байланысты зерттеу нәтижелерін өзінің есептерінде жазып көрсеткен. Ондағы жазылған мәліметтерге сүйенсек, зерттеу бойынша жапқыштың өлшемі: 210 х 318 см, оған текстильдік аппликация мен алтын тігіс тігілген. Деректердің мағлұматынша жапқыштың оң беті барқыттан, ал аппликациясы жібектен жасалған. Қабіржапқыштың декорлау технологиясы сынды басқа да конструктивті ерекшеліктері бар.

Бүгінде Ә.Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті (Павлодар, Қазақстан) Археологиялық зерттеулер институтының «UMAI» мәдени мұраны консервациялау және реставрациялау халықаралық зертханасының меңгерушісі Тетяна Крупа қабіржапқышқа қатысты өз естелігі мен жоспарларын былайша бөліседі: «2009 жылы мені зерттеуші ретінде Қорықтың жерасты хильветінде орналасқан жапқыш қызықтырды. Сол кезде Қорық басшылығының рұқсатымен микросынамалар алып, 2010 жылы оларды қосымша үлгілермен толықтырдым. Қожа Ахмет Ясауи жапқышының алтын жіптерін зерттеу В.Н. Каразин атындағы Харьков ұлттық университеті жанындағы Іргелі зерттеулер қорының қаржыландыруы аясында (ӘОЖ 902+930.2+801, мемлекеттік тіркеу № 0109U000627), 13-09 «Украина археологиялық текстиліндегі алтын жіптерді зерттеу» жобасы бойынша орындалды. Жоба жетекшісі – Т. Крупа, зерттеу тең авторы – физика-математика ғылымдарының кандидаты, аталған университеттің физика-техникалық факультеті физикалық технологиялар кафедрасының аға ғылыми қызметкері А. Крышталь (Украина).

Алынған нәтижелер

Біз жіптің құрылымдық ерекшеліктерін анықтап, металдың құрамын белгіледік. Зерттеу нәтижелері осы алтын жіптердің жасалу мерзімі мен өндіріс орталығы туралы мәселе қоюға мүмкіндік береді. Айта кету керек, қорытындылар қазіргі таңда бар алтын жіптерге жүргізілген ұқсас зерттеулерге сүйене отырып жасалды» (Крупа, 2025: 2) деп еске алады.

Ең алдымен, Түркістаннан алынған бұл жіптің технологиялық жағынан Алтынорда дәуіріне жататын алтын жіптер сериясына жақын екенін атап өткіміз келеді (Крупа, 2015: 268). Оларды біріктіретін басты ерекшелік конструктивті-технологиялық сипаттамалары: барлығы органикалық негізге (перделі ішек қабығы) және жұқа метал жабындысына ие. Зерттеушілер мұндай жіптердің өндіру технологиясы қытайлық болуы мүмкін деп есептейді. Егер зерттелген жіптің сызықты-бұрыштық көрсеткіштері мен 168-ші қорғаны Мамай-Гора (бас киімнің матасы, Украина, Запорожье облысы) 4 қабірден алынған алтын жіптің көрсеткіштерімен салыстырса бірдей технологиялық әдістер қолданылғанын оңай байқауға болады, (Крупа, 2010: 341-356).

Қожа Ахмет Ясауи кесенесіндегі қабіржапқышынан алынған жіптің жұқалығы: органикалық негіздің жұқалығы – алтын жіптің жұқалығы 12,5 мм, металл жұқалығы 0,66–25 мм.

Қабіржапқыштың бетіне өте жұқа да сапалы иленген тері мен жібек матадан жапсырма өрнектер салынып, олардың жиектеріне алтын, күміс жіптермен зерленіп кестеленген өрнектер тігілген. Екі жақтауына сульс стиліндегі арабша жазу түсірілген. Үзіліп, үш бөлікке бөлініп, сақталған қабіржапқыштың құрастырғандағы жалпы көлемі 318х210 см, ал өзінің толық өлшемі нақты белгісіз. Алайда мамандар жапқыштың өлшемін құлпытастың доғал жоғары бөлігімен шамалас жапқыштың қақ ортасындағы орталық төрт бұрыштың төрт жағына бірдей қайталанып түскен өрнектер композициясымен шығаруға болатынын айтады.

Қожа Ахмет Ясауи мұрасын зерттеулер барысында, музей-қорықтағы қабіржапқыш туралы белгілі бір деректер зерттеулер өте аз. Әзірге ілгергі деп саналатын деректердің бірі М.Е. Массоның 1930 жылы Ташкентте жарық көрген «Мавзолей Ходжа Ахмеда Ясеви» атты еңбегінде кездеседі. Онда да тек «Покрытая кабрпушами мраморная сагана Ходжа Ахмеда...» (Массон, 1930: 32) – деп, Қожа Ахмет Ясауи құлпытасының үстіне жабылған қабіржапқыштың ескі ақ-қара түсті фотосы берілген. Фото ескі ақ-қара түсті

болғандықтан да оның нақты осы қолымыздағы қабіржапқыш екендігін ажырату қиынға соғады. Қабіржапқыштың оюлары, өрнектері, жазулары нақты көрінбейді. Алайда қабіржапқышты қазір де ақ-қара түсті фотоға алар болса, ол ою-өрнектердің, жазулардың көрінуі екіталай, тіпті кестеленген өрнек, жазулардың кейбірлерінің жақындап барып, зер салып, үңіліп қарағанда әзер көрінетін тек орындары ғана қалған. Сонда да болса жоғарыдағы дерек Әзірет Сұлтан Қожа Ахмет Ясауи құлпытасының үстіне қабіржапқыш жабылғанын айғақтаумен өте құнды. Әрі музей қорындағы қабіржапқыштың да ою-өрнектерінің, жазуының құрылымын есептеп шығарғанда осы суреттегі жапқышпен шамалас екенін байқауға болады. Сондай-ақ пішімінің қандай болғанын білуге, әрі болашақта қабіржапқыштың көшірмесін жасауға да септігін тигізері сөзсіз.

Осы мақсатта өзбекстандық, ресейлік өнертану ғылымының докторы Э.Ф. Гюль қабіржапқышты ғылыми құжаттау үшін арнайы шақырылды. Ғалымның сараптауы бойынша, жапқыш тек бір дана жәдігер емес, оның біртекті, тек өрнектелуі мен өлшемі әртүрлі екі заттан құралғандығын анықтады. Жапқыш матасына қатысты Иран жерінде мұндай тоқыма кездеспейді, бірақ, Қазақстанның оңтүстік өңірінде жергілікті халық түйе, не басқа мал жүнінен өте шеберлікпен жіңішке етіп иіріп, үлкен кілемге арналған құрылғыларда «пұлышқа» ұқсас беті түктілеу маталар тоқығандығы белгілі. Сонымен қатар жапқыштың матасына Қазақстан жеріндегі дәстүрлі көркемдік заттар – жүннен және басылған киізден жасалған заттар ұқсас келеді. Осыған байланысты, Э.Ф.Гюль жапқыштың бетіндегі өрнек эскизін Әмір Темір дәуіріндегі шеберлер сызып, жергілікті материалдар (жүн, тері, алтын, күміс жіптер) мен технологияны пайдалана отырып дайындаған болуы мүмкін деген қорытынды жасады.

Ал енді қабіржапқыштағы араб тілінде жазылған мәтінге келетін болсақ, ол жазуды музейдің аға ғылыми қызметкері, қазіргі Ясауитану ғылыми орталығының басшысы текстолог С. Моллақанағатұлы аударып оқыған болатын. Ол қабіржапқыштағы жазу туралы: «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейі қорындағы этнография бөлімінде сақталған «қабірпұш» ең көне жәдігерлердің бірі. Қабіржапқыштағы мәтін араб тілінде, «бисмиллә...» сөзімен басталған, одан кейін, Мұхаммед пайғамбардың ұрпақтарына, оның ішінде он екі имамға айтылатын мәшһүр салауат орын алған. Матаның ескіруіне байланысты, салауаттың көп бөлігі жоғалған, кейбір сөздері ғана оқылады» деп анықтама береді. Мәтіннің «...-Рахман Әр-Рахим» деп оқылған жеріне қарап «Бисмилладан» басталғанын, одан кейін Мұхаммед пайғамбардың (с.ғ.с.) ұрпақтарына, оның ішінде он екі имамға айтылатын мәшһүр салауаттардың бірінің орын алғанын айтып, әбден көнеріп, үзіліп үш бөлікке бөлінген үш бөліктегі жазуларды төмендегідей оқып шыққан.

1. الرحيم اللهم صلى على المصطفى والمرتضى والزهرا والسبطين...

Транскрипциясы: «... Ар-рахим Аллаһумма салли ғалә әл-Мұстафа, уәл-Мұртаза, уәз-Заһра, уәс-Сүбтейн ...

Мағынасы: «... Мейірімді! Иа Алла! Игілік Мұстафаға, Мұртазаға, Заһраға, екі немересіне ...

2. ... والباقر والصادق

Транскрипциясы: «уәл-Бақыр, уәс-Садық, ...

Мағынасы: «... Мейірімді! Иа Алла! Игілік Мұстафаға, Мұртазаға, Заһраға, екі немересіне ... Бақырға, Садыққа, ...

3. ... والتقى والنقى ... العسكرى ...

Транскрипциясы: «уәт-Тақи, уән-Нақи, ... уәл-Аскари, ...».

Мағынасы: «Тақиға, Нақиға ... Аскариға...»! (Жүзбаева, 2010: 212)

2010-2011 жылдары қабіржапқыштың көшірмесін жасауға ниет білдірген шебер тігіншілер болды. Олар қабіржапқыштың бірнеше бөлігі тозып үгітіліп, үзіліп түсіп қалғандығына қарамастан зерленіп кестеленген өрнектердің, оюлардың, өсімдік тектес гүлдердің орналасуын симметриялық тұрғыда жіті есептей отырып түгел қалпына келтіре алатындарын айтты. Алайда ондағы араб қарпі, сульс таңбасымен түскен он екі имамға айтылған мәшһүр салауатты (дұғаны) өрнектеп тоқып шығу қиындық туғызатын болды. Себебі қабіржапқыштың бетіне жазылған сөздердің біразы үзіліп түсіп қалған (немесе арайы алынып тасталған) және ол сөздер, әріптер ою-өрнектер секілді қайталанып келмейді. Сондықтан, реставраторлар жазуды қабіржапқыштың бетіне түсіру үшін алдымен, оларға салауаттың толық оқылған, «жапқыштың» бетіндегідей сульс таңбасымен жазылған дайын нұсқасы қажет

болды. Ал бізде қолымызда қабіржапқыштағы жазудың текстолог Сайпулла Моллақанғатұлы оқыған жоғарыда келтірілген үш бөлек бөліктегі жазулар ғана бар болатын.

Он екі имамға қатысты салауат (дұға) Көреген Әмір Темір сыйға тартқан лауханың бетінде де кездеседі. Соған орай лауханың бетіндегі салауатты көшіре салуға болады деген пікірлер ғалымдардың тарапынан айтылды. Музей тарапы олай жасауға асықпады. Өйткені лауханың дәл бетіндегідей көшіріп жазатын болсақ, біраз айырмашылықтарына байланысты қабіржапқышқа сыймайтын болды. Айырмашылықтарына тоқталсақ:

Бірінші қабіржапқыштағы жазу بسم الله الرحمن الرحيم (Бисмиләһир Рахманир Рахим) деп Алланың аттымен басталған болса, (жапқышта тек үшінші сөз ғана сақталып қалған) лаухада ол жоқ.

Екінші лаухада аты мен тегі «Мұхаммед Мұстапаға, Әли әл-Мұртазаға, «Хасан әл-Мүжтабаға, Кербалада шейіт болған Хусайынға, Әли Зайн ал-Абидинге, Мұхаммед әл-Бақырға, Жағыпар әс-Садыққа, Мұса әл-Кәзімге, Әли әр-Ризаға, Мухаммад ат-Тақиға, Әли ән-Нақиға, әл-Жауад Хасан әл-Аскариге...» (Лауха, 2009: 11) деп толық берілген болса, жапқышта жоғарыда келтіргендей «Мұртазаға, ... әл-Бақырға, әс-Садыққа, ... уәт-Тақиға, уән-Нақиға, әл ...» деп тектері ғана жазылған.

Үшінші «лауханың» бетіне қабір-жапқыштың бетіндегідей «уәз-Заһра», яғни Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) қызы Фатима (р.т.ғ.) анамыз жазылмаған.

Төртінші лауханың бетінде «Хасан әл-Мүжтаба, Хүсейін шаһид би-Кербала», яғни «Хасан әл-Мүжтаба мен Кербалада шейіт болған Хүсейінге» делінген болса, жапқыштың бетіне «уәс-Сүбтеин» яғни (Пайғамбарымыздың с.ғ.с.) «екі немересіне» деп қысқартып берілген.

Бесінші лаухада «әл-Жауад Хасан әл-Аскари» деп берілген болса, жапқышта «уәз-Заки әл-Аскари» деп берілген.

Алтыншы лаухада «Мухаммад әл-Маһди» деп берілген болса, қабіржапқышта «әл-хәләфи» деген сөз ғана бар. Бірақ қабіржапқыштың үшінші бөлігіндегі дәл осы сөзбен әл-Аскаридің алдында келетін «уәз-Заки» сөзі көрінбей тыс қалып қойған. Себебі үзіліп, бөлініп кеткен қабіржапқыш жоғалып кетпес үшін бірінің үстіне бірі қосып тігіліп кеткен.

Жетінші лаухада:

و صلى الله على محمد سيد المرسلين وخاتم النبيين ورسول رب العالمين

Транскрипциясы: «уә салла Аллаһу ғәлә Мухаммад саид әл-Мурсалин, уә хатәм ән-Набиин, уә расулу рабби әл-Ғаләмин» деп, яғни «Пайғамбарлардың басшысы, Нәбилердің соңғысы, әлемдерді жаратқан Алланың елшісі» деп пайғамбарды ұлықтап, оған салауат айтумен бітірген. Жазудың өлшемдерін алып есептей келе бұл лаухада берілген соңғы жазудың тағы да сыймайтынын көрдік. Сонымен, мәшһүр салауатты (дұғаны) «әл-хәләфи әл-хужжати Мухаммадин әл-Маһди!» деген жерден бітірдік. Және дәл осылай төмендегідей жазып шыққанда ғана қабіржапқышқа тура келетін болды. Нәтижесінде жапқыштағы жазу толығымен төмендегідей болды.

بسم الله الرحمن الرحيم اللهم صلى على المصطفى والمرتضى والزهرا والسبطين وزين العابدين والباقر والصادق والكاظم والرضا والتقى والنقى والزكى العسكرى والتقى والنقى والزكى العسكرى والخلف الحجة محمد المهدى

Транскрипциясы: «Бисмилләһир Рахманир Рахим! Аллаһумма салли ғалә әл-Мустафа, әл-Мұртаза, уәз-Заһра, уәс-Субтеин, уә Зайн ал-Абидин уәл-Бақыр, уәс-Садық, уәл-Кәзім, уәр-Риза, уәт-Тақи, уән-Нақи, уәз-Заки әл-Аскари, уә әл-хәләфи әл-хужжати Мухаммад әл-Маһди».

Мағынасы: «Қайырымды да Мейірімді Алланың атымен бастаймын! Я, Алла! Әл-Мұстафаға, әл-Мұртазаға, әл-Заһраға, екі немересіне, Зайн ал-Абидинге, әл-Бақырға, әс-Садыққа, әл-Кәзімге, әр-Ризаға, ат-Тақиға, ән-Нақиға, аз-Заки ал-Аскариға және дәлелдің (хужжат) мұрагері Мухаммад әл-Маһдиге игілік болсын!»

Қорытынды

Жапқыш матасына қатысты Иран жерінде мұндай тоқыма кездеспейді, бірақ, Қазақстанның оңтүстік өңірінде жергілікті халық түйе, не басқа мал жүнінен өте шеберлікпен жіңішке етіп иіріп, үлкен кілемге арналған құрылғыларда «пұлышқа» ұқсас беті түктілеу маталар тоқығандығы белгілі. Сонымен қатар жапқыштың матасына Қазақстан жеріндегі дәстүрлі көркемдік заттар – жүннен және басылған киізден жасалған заттар ұқсас келеді. Осыған байланысты, Э.Ф. Гюль жапқыштың бетіндегі өрнек эскизін Әмір Темір дәуіріндегі шеберлер сызып, жергілікті материалдар (жүн, тері, алтын, күміс жіптер) мен технологияны пайдалана отырып дайындаған болуы мүмкін деген қорытынды жасады.

Матадан жасалған жәдігерлерді зерттейтін мамандар қабіржапқыштың жасалу технологиясына орай ортағасырлық қолданбалы өнердің озық туындысы ретінде қарастырады. Алдын ала мәліметтер бойынша жапқыштың негізгі өңі жасыл түсті барқыт немесе беті аздап түктелген қолдан тоқылған түйе жүн мата, ал аппликациясы жібектен жасалған.

Қабіржапқыштың жасалу уақытын XIV ғасырдың аяғында, яғни, Қожа Ахмет Ясауи бабамыздың қабірі үстіне алып кесене салынатын кезде-ақ Көреген Әмір Темірдің бұйрығымен дайындалған болуы керек деп пайымдауға болады. Себебі қабіржапқыш бетіндегі кестеленіп тігілген ою-өрнектер кесене бойындағы өрнектермен дәлме-дәл келеді. Атап айтқанда, қабірхана күмбезінің барабанындағы, қазандық күмбезінің төрт қырлы қабырғасында орналасқан терезенің картушындағы, солтүстік портал ойығының майоликалық белдемшесіндегі, мешіт бөлмесі михрабының өрнектелуіндегі спираль тәрізді өсімдік өрнегі, қабіржапқыштың жиегіне толығымен айналдыра жібек матамен жапсырма әдісімен кестеленіп тігілген. Оның фонында өрнектің биіктігімен бірдей етіп жазылған арабша жазу бар. Осы арабша жазу мен спираль тәрізді өсімдік өрнегі түскен аралықтың биіктігі – 25 см. Әрі жапқыштағы ол жазу қабірді жапқан кездегі қабірдің 25 см бөлігіне өте тура келіп түседі. Ал оның үстіндегі 12 см бөлігіне жапқыштағы биіктігі 12 см аралыққа түскен біріңғай қошқар мүйіз өрнектердің тура келетінін, ал қабірдің үстіңгі бет бөлігі қабіржапқыштағы биіктігі 16 см аралыққа түскен сегіз бұрышты өрнектер дәл келетінін, қабірдің ең үстіңгі доғал бөлігі жапқыштың қақ ортасындағы төрт бұрыштың 74 см енімен дәл келетінін анықтадық. Сонымен қатар спираль тәрізді өсімдік пен арабша жазудың астындағы біріңғай оюлар түскен 60 см бөліктің қабірдің бүйіріндегі биіктігі 60 см бөлікпен тура келетіні де бар. Осы сәйкестіктерді ескере отырып, қабіржапқышты тоқыған шеберлер Әзірет Сұлтан Қожа Ахмет Ясауи бабаның құлпытасына арнайы өлшеп, пішіп тоқыған болуы мүмкін деген тұжырымға келеміз.

2025 жылы қабіржапқыштың ғасырын анықтау бойынша мата бұйымдарын зерттеуші Т.Н.Крупа өзінің қорытындысын берді. Қорытынды бойынша алынған деректерге сүйене отырып, қабіржапқыштың жасалу уақыты Темір тұсындағы кесененің салынуымен синхронды уақыт XIV ғасырдың соңы – XV ғасырдың басы екендігін (Крупа, 2025: 2) атап көрсеткен.

Әзірет Сұлтан кесенесі мен оның ішіндегі жәдігерлердің бетіне түскен жазулар ирандық каллиграфтардың еңбектері екенін олардың қолтаңбасынан көруге болады. Яғни ол шеберлер, каллиграфтар өздерінің Шираздық, Тәбриздік екендерін кесене қабырғалары мен ондағы әмір Темір жасатқан жәдігерлерге жазып қалдырған.

Әдебиет

1. Аймауытов Ж., 1929. Әзірет Сұлтан // Жаңа әдебиет. №1. 70–81. бб.
2. Дастанов О. 1967. Әулиелі жерлер туралы шындық. Алматы: «Қазақстан» баспасы. 80 б.
3. Дулатов М., 2019. Хазірет Сұлтан // Түркістан. №44, 7 қараша. Б. 6.
4. Жәнібеков Ө., 1996. Тағдыр тағылымы. Алматы: Рауан. 192 б.
5. Жеменей И. 2007. Қазақша-парсыша сөздік. Алматы. 52 б.
6. Жүзбаева Р., 2010. Қожа Ахмет Ясауи құлпытасының қабіржапқышы // Қожа Ахмет Ясауи мұрасы мен ілімінің зерттелу мәселелері: III халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. Түркістан. 212 б.
7. Жүзбаева Р., 2010. Қабіржапқыш // Ясауи әлемі. №3. 190–197. бб.
8. Крупа Т.Н., 2008. Исследование костюма золотоордынского времени из кургана 2 группы Токовских могил // Степи Европы в эпоху средневековья. Донецк. С. 268.
9. Крупа Т.Н., 2010. Исследование образцов текстиля золотоордынского времени из могильников «Мамай-Гора» и «Мамай-Сурка» // Степи Европы в эпоху средневековья / Донецк. Б. 341–356.
10. Крупа Т.Н., 2016. Исследования золотных нитей покрова Ходжи Ахмета Ясави и вопрос его датировки // Культура и искусство в условиях модернизации сознания. К 100-летию Айши Галимбаевой: материалы научно-практической конференции. Алматы. Б. 12–16.

11. Крупа Т.Н., 2018. Некоторые технологические проблемы покрова Ходжи Ахмеда Ясави и вопрос его датировки // «Ұлы жібек жолы бойындағы ортағасырлық қалалар» халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. Түркістан, 18–20 қазан 2018 ж. Б. 32–36.

12. Крупа Т.Н., 2025. Исследования золотных нитей покрова Ходжи Ахмета Ясави и вопрос его датировки. Павлодар.

13. Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлттық құрылтайдың «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» атты үшінші отырысында сөйлеген сөзі [Электронды ресурс]. URL: https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-ulttyk-kuryltaydyn-adal-adam-adal-enbek-adal-tabys-atty-ushinshi-otyrysynda-soylegen-sozi-1525727 (қаралған күні: 10.01.2026).

14. Лауха, 2009. Буклет. Түркістан: «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-мұражайы. 11 б.

15. Муминов Ә.Қ., Қожа М.Б., Моллақанағатұлы С., Садықбеков М.Ж., Нұрбеков Ж.М. 2013. Қожа Ахмет Ясауи кесенесі. Алматы. 208 б.

16. Массон М.Е. 2000. Мавзолей Ходжа Ахмеда Ясеви. Алматы. 23 с.

17. Массон М.Е. 1930. Мавзолей Ходжа Ахмеда Ясеви. Ташкент. 32 с.

18. Нұрмұхаммедов Н.Б., 1988. Ахмет Ясауи сәулет ғимараты: альбом. Алматы: Өнер. 33 б.

19. Тастанбеков М., Байболов Б., 2020. Қожа Ахмет Ясауи кесенесі. Алматы. 131 б.

References

1. Aimayytov Zh., 1929. Aziret Sultan [Hazret Sultan] // Zhana adebiet. №1. Pp. 70–81. [in Kazakh]

2. Dastanov O., 1967. Aulieli zherler turaly shyndyk [The truth about sacred places]. Almaty: Kazakhstan. 80 p. [in Kazakh].

3. Dulatov M., 2019. Haziret Sultan [Hazret Sultan] // Turkistan. №44, 7 November. P. 6. [in Kazakh]

4. Zhanibekov O., 1996. Tagdyr tagylymy [Lessons of fate]. Almaty: Rauan. 192 p. [in Kazakh]

5. Zhemenei I., 2007. Qazaqsha-parsysha sozdik [Kazakh-Persian dictionary]. Almaty. 52 p. [in Kazakh]

6. Zhuzbaeva R., 2010. Qozha Ahmet Yasaui qulpytasynyn qabirzhapqyshy [The burial cover of the tombstone of Khoja Ahmed Yasawi] // Qozha Ahmet Yasaui murasy men iliminin zerttelu maseleleri: III halyqaralyq gylymi-tazhiribelik konferenciya materialdary. Turkistan. 212 p. [in Kazakh]

7. Zhuzbaeva R., 2010. Qabirzhapqysh [Burial cover] // Yasaui alemi. №3. Pp. 190–197. [in Kazakh]

8. Krupa T.N., 2008. Issledovanie kostyuma zolotoordynskogo vremeni iz kurgana 2 gruppy Tokovskih mogil [Research of the costume of the Golden Horde period from mound 2 of the Tokov burial group] // Stepi Evropy v epohu srednevekovya. Donetsk. P. 268. [in Russian]

9. Krupa T.N., 2010. Issledovanie obrazcov tekstilya zolotoordynskogo vremeni iz mogilnikov «Mamai-Gora» i «Mamai-Surka» [Research of textile samples of the Golden Horde period from the burial grounds “Mamay-Gora” and “Mamay-Surka”] // Stepi Evropy v epohu srednevekovya. Donetsk. Pp. 341–356. [in Russian]

10. Krupa T.N., 2016. Issledovaniya zolotnyh nitei pokrova Hodzhi Ahmeta Yasavi i vopros ego datirovki [Study of the gold threads of the cover of Khoja Ahmed Yasawi and the question of its dating] // Kultura i iskusstvo v usloviyah modernizacii soznaniya. K 100-letiyu Aishi Galimbaevoi: materialy nauchno-prakticheskoi konferencii. Almaty. Pp. 12–16. [in Russian]

11. Krupa T.N., 2018. Nekotorye tehnologicheskie problemy pokrova Hodzhi Ahmeda Yasavi i vopros ego datirovki [Some technological problems of the cover of Khoja Ahmed Yasawi and the issue of its dating] // «Uly zhibek zholy boiyndagy ortagasyrlyk qalalar» halyqaralyq gylymi-praktikalyq konferenciya materialdary. Turkistan, 18–20 October 2018. Pp. 32–36. [in Russian]

12. Krupa T.N., 2025. Issledovaniya zolotnyh nitei pokrova Hodzhi Ahmeta Yasavi i vopros ego datirovki [Study of the gold threads of the cover of Khoja Ahmed Yasawi and the question of its dating]. Pavlodar. [in Russian]

13. Official website of the President of the Republic of Kazakhstan, 2026. Speech of the Head of State Kassym-Jomart Tokayev at the third meeting of the National Kurultai «Adal adam – Adal enbek – Adal

tabys» [E-source]. URL: https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-ulttyk-kuryltaydyn-adal-adam-adal-enbek-adal-tabys-atty-ushinshi-otyrysynda-soylegen-sozi-1525727 (Accessed: 10.01.2026).

14. Lauha, 2009. Buklet [Booklet]. Turkistan: «Aziret Sultan» State Historical and Cultural Reserve-Museum. 11 p. [in Kazakh]

15. Muminov A.Q., Kozha M.B., Mollaqanagatuly S., Sadykbekov M.Zh., Nurbekov Zh.M., 2013. Qozha Ahmet Yasaui kesenesi [The Mausoleum of Khoja Ahmed Yasawi]. Almaty. 208 p. [in Kazakh]

16. Masson M.E., 2000. Mavzolei Hodzha Ahmeda Yasevi [Mausoleum of Khoja Ahmed Yasawi]. Almaty. 23 p. [in Russian]

17. Masson M.E., 1930. Mavzolei Hodzha Ahmeda Yasevi [Mausoleum of Khoja Ahmed Yasawi]. Tashkent. 32 p. [in Russian]

18. Nurmuhammedov N.B., 1988. Ahmet Yasaui saulet gimaraty [Architectural monument of Ahmed Yasawi]. Almaty: Oner. 33 p. [in Kazakh]

19. Tastanbekov M., Baibolov B., 2020. Qozha Ahmet Yasaui kesenesi [The Mausoleum of Khoja Ahmed Yasawi]. Almaty. 131 p. [in Kazakh]

***Тастанбеков М.М., Байболов Б.К., Жунисбаев У.Д., Турсынов А.Х.**
Национальный историко-культурный музей-заповедник «Азрет Султан»
Туркестан, Казахстан
*e-mail: murat-t@mail.ru

ИССЛЕДОВАНИЯ ПОКРЫВАЛА МОГИЛЫ ХОДЖИ АХМЕДА ЯСАВИ

Аннотация. В статье рассматриваются новые исследования средневекового покрывала для могилы, хранящегося в фондах Национального историко-культурного музея-заповедника «Азрет Султан». В течение многих веков этот погребальный покров находился на надгробии Ходжи Ахмеда Ясави в его мавзолее. Однако исследований данного памятника в научном обороте встречаются крайне редко. В данном исследовании приводится научное описание погребального покрова Ходжи Ахмеда Ясави, хранящегося в музее-заповеднике «Азрет Султан». Рассматриваются технология его изготовления, а также перевод и значение надписей, сохранившихся на его поверхности.

В ходе исследования проведён анализ на основе результатов лабораторных исследований фрагментов ткани и текстильных нитей, использованных в материале покрывала. Кроме того, были использованы новые исследования зарубежных и отечественных специалистов, реставраторов и текстологов.

Научная новизна исследования заключается в сопоставлении различных предположений о времени изготовления покрова, а также в представлении новых сведений о его состоянии и сохранности вплоть до XX века, предлагаются рекомендации по проведению реставрационно-консервационных работ. Проведён научный анализ технологий нанесения каллиграфических надписей и орнаментальных узоров на поверхность покрывала.

В ходе исследования применялись методы анализа данных, содержащихся на покрове, сопоставления фактических сведений и выдвижения научных гипотез. В дальнейшем данное направление требует продолжения и более глубоких исследований.

Ключевые слова: Ходжа Ахмет Ясави, Азрет Султан, мавзолей, надгробный покров, надгробная ткань, покров, усыпальница, реставрация, консервация.

Для цитирования: Тастанбеков М.М., Байболов Б.К., Жунисбаев У.Д., Турсынов А.Х. Исследования покрывала гробницы Ходжи Ахмеда Ясави // Мәдени мұра. 2026. №1 (112). С. 113-124 (каз.)
DOI: https://doi.org/10.47500/2026.v25.i1.10

***Tastanbekov M.M., Baibolov B.K., Zhunisbayev U.D., Tursinov A.H.**
«Azret Sultan» state historical and cultural museum-reserve,
Turkistan, Kazakhstan
*e-mail: murat-t@mail.ru

RESEARCH ON THE PALL OF THE TOMB OF KHOJA AHMED YASAWI

Abstract. The article examines new research on a medieval tomb cover from the Azret Sultan National Historical and Cultural Museum-Reserve. Studies on the covering on the tomb of Khoja Ahmed Yasawi are rarely encountered in academic discourse. The research describes the technology of its production, the translation and interpretation of the inscriptions preserved on its surface.

The study includes an analysis based on the results of laboratory examinations of fabric fragments and textile threads used in the material of the cover. Recent studies conducted by both foreign and domestic specialists in restoration and textual studies were also taken into account. The scientific novelty of the research lies in the comparative analysis of various assumptions regarding the exact date of the covering's creation and in presenting new data on its preservation and condition up to the 20th century. In addition, recommendations for the restoration and conservation of this artifact are provided.

The research includes a scholarly analysis of the techniques used to apply calligraphic inscriptions and ornamental patterns to the surface of the covering.

During the research, analysis of the data preserved on the cover, comparison of factual evidence, and formulation of hypotheses were applied. Further research will require more comprehensive studies.

Keywords: Khoja Ahmed Yasawi, Azret Sultan, mausoleum, tomb cover, grave cloth, coverlet, tomb chamber, restoration, conservation.

For citation: Tastanbekov M.M., Baibolov B.K., Zhunisbayev U.D., Tursinov A.H. Research on the Pall of the Tomb of Khoja Ahmed Yasawi // Madeni mura. 2026. №1 (112). pp. 113-124 (in Kaz.)
DOI: https://doi.org/10.47500/2026.v25.i1.10

Авторлар туралы мәлімет:
Тастанбеков Мұрат Мейірбекұлы, тарих ғылымдарының кандидаты, доцент, Әзірет Сұлтан Ұлттық тарихи-мәдени музей-қорығы директорының ғылыми жұмыстары жөніндегі орынбасары.
ORCID: 0000-0003-0289-9024
Байболов Берік Қыстаубайұлы, Әзірет Сұлтан Ұлттық тарихи-мәдени музей-қорығы бөлім басшысы.
ORCID: 0000-0001-5131-418X
Жүнісбаев Ұлықбек Даулетұлы, Әзірет Сұлтан Ұлттық тарихи-мәдени музей-қорығының аға ғылыми қызметкері.
ORCID: 0000-0002-1032-7782
Тұрсынов Ағаділ Хазіретәліұлы, Әзірет Сұлтан Ұлттық тарихи-мәдени музей-қорығының кіші ғылыми қызметкері.
ORCID: 0009-0006-1271-9698

Сведения об авторах:
Тастанбеков Мурат Мейрбекович, кандидат исторических наук, доцент, Заместитель директора Национального историко-культурного музей-заповедника Азрет Султан.
ORCID: 0000-0003-0289-9024

Байболов Берик Кыстаубаевич, начальник отдела Национального историко-культурного музей заповедника Азрет Султан.
ORCID: 0000-0001-5131-418X
Жунисбаев Улугбек Даулетович, старший научный сотрудник Национального историко-культурного музей заповедника Азрет Султан.
ORCID: 0000-0002-1032-7782
Турсынов Агадил Хазреталиулы, младший научный сотрудник Национального историко-культурного музей заповедника Азрет Султан.
ORCID: 0009-0006-1271-9698

Information about the authors:
Tastanbekov Murat Meirbekovich, candidate of historical sciences, researcher, State Historical and Cultural Museum-Reserve Azret Sultan.
ORCID: 0000-0003-0289-9024
Baibolov Berik Kystaubaevich, researcher, State Historical and Cultural Museum Reserve Azret Sultan.
ORCID: 0000-0001-5131-418X
Zhunisbayev Ulugbek Dauletovich, researcher, State Historical and Cultural Museum Reserve Azret Sultan.
ORCID: 0000-0002-1032-7782
Tursinov Agadil Hazretaliulu, researcher, State Historical and Cultural Museum Reserve Azret Sultan.
ORCID: 0009-0006-1271-9698